

Республикалық чемпионат нәтижесі: «Архат пен Аршат жеңімпаз»



Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 5 бірдей шәкірті Республикалық жарысқа барып, төрт спортшы жеңіс тұғырынан көрінді.

Арқалық БЖСМ –нің жаттықтырушысы Данияр ҚАРПЫҚОВ хабарласып, спорт мектебі шәкірттерінің кезекті жеңісі жайлы сүйінші хабарды жеткізді. Яғни, Степногорск қаласында 2004 – 2005 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасында дзюдодан «Бөгенбай батыр атындағы Республикалық турнир» өткен. Ол жарысқа қаламыздан 5 бала барып, оның төртеуі жеңімпаз, жүлдегер атанды. Архат БАЙМҰРЗИН 42 келіде чемпион болса, 50 келіде татамиге шыққан Аршат БАЛМАШ 1 орын иеленді. Сондай ақ, Қыдырәлі БИБАРЫС 2 орынды олжалап, 73 келіде Шахнияз АҒЫБАЕВ та жеңіс тұғырының екінші сатысынан орын алған. Республикалық турнирге Қо-

станай облысынан бөлек, Семей, Шымкент, Тараз, Қарағанды, Павлодар, Маңғыстау, Ақтау сынды өңірлерден 35 команда сапында 250 – ге жуық дзюдошы бақ сынады. Намысты қолдан бермей, жасындай жарқыраған спортшыларымыз СШҰ атағын қорғап қайтты. - Аталған жарыста 1 орын иеленген Архат БАЙМҰРЗИН Республикалық турнирлардың жеңімпазы. Биылғы жылы Қызылордада өткен ҚР чемпионатында күміс жүлде алған болатын. Архат қазіргі уақытта «Нұр - Сұлтан» қаласындағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп - интернат - колледжінде оқиды. Бұл шәкірттеріміздің қай – қайсы да болашағынан көп үміт күттіреді. Осы чемпионатта жеңімпаз – жүлдегер атанған Архат БАЙМҰРЗИН, Аршат БАЛМАШ, Қыдырәлі БИБАРЫС, Шахнияз АҒЫБАЕВ та Спорт шеберлігіне үміткер атанды, - дейді Данияр ҚАРПЫҚОВ.